

Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына 2010 жылға әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2010 жылғы 13 қаңтардағы № 168 шешімі. Қостанай облысы Әуликөл ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 8 ақпанда № 9-7-112 тіркелді. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 7 бабы 3 тармағының 4) тармақшасының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 18 ақпандағы № 183 "Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну мөлшерін және ережесін бекіту туралы" қаулысының 2 тармағына сәйкес, Әуликөл ауданы әкімінің 2010 жылғы 11 қаңтардағы № 02-05/27 хатын қарастырып Әуликөл аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Ауданның ауылдық елді мекендеріне жұмыс істеу және тұру үшін келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт мамандарына жетпіс есептік айлық есептік көрсеткішке тең сомасында көтерме жәрдемақы және алты жүз отыз есептік айлық есептік көрсеткіштен аспайтын сомада тұрғын үй сатып алу үшін бюджеттік кредит түріндегі 2010 жылға әлеуметтік қолдау шаралары ұсынылсын.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткеннен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың кезектен

тыс сессиясының төрағасы

Р. Галимжанов

Аудандық мәслихаттың хатшысы

А. Бондаренко

КЕЛІСІЛДІ

"Әуликөл ауданының ауыл шаруашылығы бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Нұғыманов Асқар Сералыұлы

2010 жылғы 13 қаңтар

"Әуликөл ауданының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Печникова Татьяна Ивановна

2010 жылғы 13 қаңтар

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК